



**"Ақсу ауданының құрметті азаматы" атағын беру Ережесін бекіту туралы**

**Күшін жойған**

Алматы облысы Ақсу аудандық мәслихатының 2010 жылғы 23 тамыздағы N 36-225 шешімі. Алматы облысының Әділет департаменті Ақсу ауданының Әділет басқармасында 2010 жылы 20 қыркүйекте N 2-4-120 тіркелді. Күші жойылды - Алматы облысы Ақсу аудандық мәслихатының 2012 жылғы 23 шілдедегі N 6-59 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Алматы облысы Ақсу аудандық мәслихатының 23.07.2012 N 6-59 шешімімен.**

**Р Қ А О е с к е р т п е с і .**

**Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.**

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабының 1-тармағының 12-2) тармақшасына сәйкес аудандық мәслихат **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1."Ақсу ауданының құрметті азаматы" атағы туралы Ереже 1-қосымшаға с ә й к е с б е к і т і л с і н .

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау аудандық мәслихаттың "Бюджет, әлеуметтік мәдениет салалары, жастар саясаты, заңдылық және құқық қорғау мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясына" және аудан әкімінің аппарат жетекшісі **Сабырбаев Аамандос Ақышұлына** жүктелсін.

3. Осы шешім ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі.

**С е с с и я т ө р а ғ а с ы**

*Мәслихат хатшысы*

*С. Серпербаев*

Ақсу	аудандық	мәслихатының
2010	жылғы	23 тамыздағы
36	-	225 нөмірлі
1 қосымша		шешіміне

**"Ақсу ауданының құрметті азаматы" атағын беру  
Е Р Е Ж Е С І**

**1. Жалпы ережелер**

1. "Ақсу ауданының құрметті азаматы" атағының берілуі азаматтардың ауданның экономикалық, әлеуметтік, рухани дамуына сіңірген ерекше еңбектерін, саяси-қоғамдық жұмыстардағы айрықша белсенділіктерін жұртшылықтың танығандығы және оларды моральдық көтермелеу мен үлкен тәрбиелік-тәлімдік маңызы бар марапаттау шарасы болып табылады.

2. "Ақсу ауданының құрметті азаматы" атағы:

1) аудан экономикасын, оның өнеркәсіп, ауылшаруашылығы және басқа да өндірістік салаларындағы, жоғарғы технологиялар мен жаңалықтарды енгізу;

2) ауданның әлеуметтік саласын дамыту және аудан халқын әлеуметтік тұрғыда қорғау шараларын жүзеге асыру;

3) ел тәуелсіздігін нығайту, қоғамды демократияландыру, ұлттық құндылықтарды дамыту, халықтар достығын мен ұлтаралық келісімдікті орнықтыру мақсатындағы мемлекеттік саясатты насихаттау, жүзеге асыру;

4) аудан тұрғындары арасында мемлекеттік заңдылықтарды сақтау, құқықтық және қоғамдық тәртіпті нығайту;

5) балаларды, мектеп оқушылары мен жастарға білім беру, олардың рухани, азаматтық-патриоттық және салауаттық тұрғыда тәрбиелеу;

б) аудан халқының мәдениетін көтеру, өнер, әдебиет салаларын дамыту мен б а й ы т у ;

7) аудан тұрғындарының денсаулығын сақтау, дене мәдениеті мен спортты дамыту және басқа да аса маңызды қоғамдық-бұқаралық жұмыстарда сіңірген айрықша еңбектері мен зор жетістіктері танылған аудан азаматтарына беріледі. Атаққа ұсынылған азаматтардың ауданның қоғамдық-саяси өміріндегі белсенділіктері міндетті түрде ескеріледі.

Сонымен бірге, "Ақсу ауданының құрметті азаматы" атағына аудан өмірімен, жұртшылығымен тығыз байланыста жүрген басқа қалалар мен өңірлердегі есімдері халықаралық және мемлекет деңгейінде танылған қоғам қайраткерлері, ғылымды дамытуда, мәдениет пен өнер салаларында, спортта аса танымал болған , аудан аумағында үлкен демеушілік-жанашырлық көрсетіп жүрген бизнес өкілдері саналатын жерлестеріміз де ұсынылады.

## **2. "Ақсу ауданының құрметті азаматы" атағын беруге ұсыну тәртібі**

1. "Ақсу ауданының құрметті азаматы" атағына кандидаттар салалық (білім, денсаулық, мәдениет, т.б.) тұрғыдағы және ауыл тұрғындары жиындарында, ірі еңбек ұжымдары жиналыстарында, аудандық қоғамдық ұйымдары мен бірлестіктерінде талқыланып, анықталады. Содан кейін, атақ беру туралы ұсыныс құжаттары (хаттамалар, негіздемелер, мінездемелер) реттеліп, сол

салалар мен ұйымдардың, мекемелердің басшылары атынан аудан әкімінің қарауына енгізіледі.

2. "Ақсу ауданының құрметті азаматы" атағын беруге ұсынылған кандидатуралар аудан әкімдігінде мақұлданған жағдайда, оларға белгіленген нысандағы марапаттау парақтары толтырылып, аудан әкімі атынан аудандық мәслихатқа ұсынылады.

3. "Ақсу ауданының құрметті азаматы" атағын беру мәселесі аудандық мәслихаттың сессиясында қаралып, тиісті шешім қабылданады. Сонымен бірге, "Ақсу ауданының құрметті азаматы" атағы берілген азаматтардың есімі ауданның "Құрмет кітабына" енгізіледі.

4. "Ақсу ауданының құрметті азаматы" атағына ие болушылардың арнайы куәлігі мен төсбелгісін аудан әкімі және аудандық мәслихаттың хатшысы салтанатты жағдайда тапсырады.

5. "Ақсу ауданының құрметті азаматы" атағын беру туралы шешім аудандық "Ақсу өңірі" газетінде жарияланады.

6. Атақ беру туралы шешім аудандық мәслихаттың сессиясында қабылданбаған жағдайда аудандық мәслихат ұсыныс берушілерге ауызша немесе жазбаша түрде түсіндірме береді.